

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**BULLETIN**

of the L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

**PHILOLOGY** Series

**№3 (124) / 2018**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

|                       |                                   |
|-----------------------|-----------------------------------|
| Аскер оғлы Рамиз      | Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)        |
| Ақматалиев Абдылдажан | Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)        |
| Бахтикиреева Улданай  | Ф.ғ.д., проф. (Ресей)             |
| Беженару Людмила      | Ф.ғ.д. проф. (Румыния)            |
| Бейсембаева Жанаргүл  | Ф.ғ.к., (Қазақстан)               |
| Біжкенова Айгүл       | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)         |
| Жақыпов Жантас        | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)         |
| Журавлева Евгения     | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)         |
| Жаң Динжиң            | PhD, проф. (Қытай)                |
| Ескеева Мағрипа       | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)         |
| Ержласун Гүлжанат     | PhD, ассос. проф. (Түркия)        |
| Қасқабасов Сейіт      | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)         |
| Негимов Серік         | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)         |
| Нұрғали Қадиша        | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)         |
| Нуриева Фануза        | Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)     |
| Райхл Карл            | Ф.ғ.д., проф. (Германия)          |
| Рахманов Носимхан     | Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)         |
| Риверс Уильям Патрик  | PhD, проф. (АҚШ)                  |
| Сәтенова Серікгүл     | Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)          |
| Султанов Казбек       | Ф.ғ.д., проф. (Ресей)             |
| Тәжібаева Сәуле       | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)         |
| Хисамитдинова Фирдаус | Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)   |
| Чернявская Валерия    | Ф.ғ.д., проф. (Ресей)             |
| Шәріп Амантай         | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)         |
| Шәріпова Гүлбану      | Ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан) |
| Экиджи Метин          | PhD, проф. (Түркия)               |
| Янковский Генрих      | PhD, проф. (Польша)               |

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest\_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500

(ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

|                        |                                                |
|------------------------|------------------------------------------------|
| Asker ogly Ramiz       | Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)        |
| Akmataliyev Abdildajan | Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)        |
| Bakhtikireeva Uldanai  | Doctor of philology, Prof (Russia)             |
| Beisembayeva Zhanargul | Can. of philology, (Kazakhstan)                |
| Bezhenaru Lyudmila     | Doctor of philology, Prof (Romania)            |
| Bizhkenova Aigul       | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Chernyavskaya Valeriya | Doctor of philology, Prof. (Russia)            |
| Erzhiasun Güljanat     | PhD, assos. Prof (Turkey)                      |
| Yeskeyeva Magripa      | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Henryk Jankowski       | PhD, Prof. (Poland)                            |
| Kaskabassov Seit       | Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)         |
| Khisamitdinova Firdaus | Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan) |
| Metin Ekiji            | PhD, Prof. (Turkey)                            |
| Negimov Serik          | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Nurgali Kadisha        | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Nurieva Fanuza         | Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)     |
| Reichl Karl            | Doctor of philology, Prof. (Germany)           |
| Rakhmanov Nasimhon     | Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)        |
| Rivers William Patrick | PhD, Prof. (USA)                               |
| Satenova Serikkul      | Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)         |
| Sultanov Kazbek        | Doctor of philology, Prof. (Russia)            |
| Sharip Amantay         | Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)         |
| Sharipova Gulbanu      | Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)   |
| Tazhybayeva Saule      | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Zhakypov Zhantas       | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Zhang Dingjing         | PhD, Prof. (China)                             |
| Zhuravleva Yevgeniya   | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

|                       |                                  |
|-----------------------|----------------------------------|
| Аскероглы Рамиз       | д.ф.н., проф. (Азербайджан)      |
| Акматалиев Абдылдажан | д.ф.н., проф. (Киргизстан)       |
| Бахтикиреева Улданай  | д.ф.н., проф. (Россия)           |
| Беженару Людмила      | д.ф.н., проф. (Румыния)          |
| Бейсембаева Жанаргуль | к.ф.н., (Казахстан)              |
| Бижкенова Айгуль      | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Жакыпов Жантас        | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Жан Динжин            | PhD, проф. (Китай)               |
| Журавлева Евгения     | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Ескеева Магрипа       | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Ержласун Гульжанат    | PhD, ассос. проф. (Турция)       |
| Каскабасов Сейит      | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Негимов Серик         | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Нургали Кадиша        | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Нуриева Фануза        | д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)    |
| Райхл Карл            | д.ф.н., проф. (Германия)         |
| Рахманов Насимхон     | д.ф.н., проф. (Узбекистан)       |
| Риверс Уильям Патрик  | PhD, проф. (США)                 |
| Сатенова Серикгуль    | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Султанов Казбек       | д.ф.н., проф. (Россия)           |
| Тажибаева Сауле       | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Хисамитдинова Фирдаус | д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан) |
| Чернявская Валерия    | д.ф.н., проф. (Россия)           |
| Шарип Амантай         | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Шарипова Гульбану     | к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан) |
| Экиджи Метин          | PhD, проф. (Турция)              |
| Янковский Хенрих      | PhD, проф. (Польша)              |

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)

E-mail: vest\_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

---

---

## Мазмұны

|                                                                                                                                              |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Акбаров А.</i> Шет тілдерін оқыту саясатына қатысты әлеуметтік-мәдени факторлар: Босния мен Герцеговинаның тақырыптық зерттеулері .....   | 8   |
| <i>Атанасова С.</i> Шағын аймақтағы «жаһандық ландшафтар»: Велико-Тырноводағы қоғамдық жазбалардың лингвистикалық суреті .....               | 17  |
| <i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Шет тілді оқытуда жаңа технологияларды пайдалану .....                                                | 29  |
| <i>Дюсекенева И.М., Дюсекенев Д.Н.</i> Этномәдени деталь мәселесі орайында .....                                                             | 39  |
| <i>Каженова М.М., Жусупова Р.Ф.</i> Оқу үдерісіне жаңа технологияларды енгізу .....                                                          | 46  |
| <i>Шарипова М.К., Жанзақова Г.З.</i> Аударма - тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынас құралы .....                                      | 52  |
| <i>Тәжібаева С.Ж., Невская И.А., Мүтәлі А.К., Қадысқызы А.</i> Қытайда қазақ тілінің қолданылуы: мәселелер мен зерттеу перспективалары ..... | 59  |
| <i>Байбек А.К.</i> Біржан сал – Арқа ән дәстүрінің көрнекті өкілі .....                                                                      | 69  |
| <i>Бескемер А.</i> Көркем мәтінді аудару және түсіну: барабарлықтың өлшемшарты .....                                                         | 81  |
| <i>Мухамед Абдо Д.</i> Жауынгер-әйел тақырыбы (Б. Васильевтің «А зори здесь тихие» повесі бойынша) .....                                     | 88  |
| <i>Дүйсекова К.К., Габдулина А.К.</i> Қазақ және қытай тілдеріндегі метафоралардың ерекшеліктері .....                                       | 98  |
| <i>Дүйсенгазы С.</i> Қазақ-қырғыз айтыс өнеріндегі ортақ мұрат .....                                                                         | 109 |
| <i>Жақыпов Ж.А., Догдырбай А.</i> Фольклорлық жанрлар мәтінінің бастапқы және аяққы шендері .....                                            | 116 |
| <i>Жұмағұлов С.Б.</i> Ақын Сәбит Дөнентайұлының мысал өлеңдері .....                                                                         | 128 |
| <i>Қоңыратбаева Ж.М.</i> Әлемнің мәдени бейнесіндегі Шығыс және Батыс кеңістігі (лингвомәдениеттанымдық тәжірибе) .....                      | 135 |
| <i>Мурсалимова Г.А., Еділбаев Б.А.</i> Анимация өнерін зерттеудің теориялық - әдіснамалық аспектілері .....                                  | 149 |
| <i>Мырзаханов Т.А.</i> Ағылшынның қаржы және экономикалық метафораларын аударудағы лингвомәдениеттанудың қырлары .....                       | 157 |
| <i>Нұрахметов Е.Н., Наралиева А.А.</i> Қазақ, ағылшын, неміс сөйлеу тіліндегі гендерлік ерекшеліктер .....                                   | 169 |
| <i>Сүйінова Г.С.</i> Қалалық бірегейліктің урбонимикондағы көрінісі .....                                                                    | 177 |
| <i>Сұлтанбекова С.А.</i> Неміс тіліндегі аффиксті жаңа мағыналы туынды сөздердің прагматикалық аспектілері .....                             | 185 |
| <i>Шаймердинова Н.Г., Жиёмбай Б.С., Жиёмбаева Г.Т.</i> Армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі есім сөз таптарының жалпы сипаты .....                | 192 |
| <b>Мақаланы рәсімдеу үлгісі</b> .....                                                                                                        | 204 |

---

---

## Contents

|                                                                                                                                                             |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Akbarov A.</i> Socio-Cultural Factors Involved in the Foreign Language Teaching Policy: Case Study of Bosnia and Herzegovina .....                       | 8   |
| <i>Atanassova S.</i> «Global Landscapes» in Small Places: the Linguistic Picture behind the Public Inscriptions in Veliko Turnovo .....                     | 17  |
| <i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> The use of Technologies for Foreign Language Teaching .....                                                       | 29  |
| <i>Dyussekeneva I.M., Dyussekenev D.N.</i> To the Problem of Ethnocultural Detail .....                                                                     | 39  |
| <i>Kazhenova M.M., Zhussupova R.F.</i> Integrating new Technologies into Curriculum ....                                                                    | 46  |
| <i>Sharipova M.K., Zhanzakova G.Z.</i> Translation as a Tool for Interlingual Communication .....                                                           | 52  |
| <i>Tazhibayeva S.Zh., Nevskaya I.A., Mutali A.K., Kadyskyzy A.</i> Kazakh Language as Spoken in China: Problems and Research Perspectives .....             | 59  |
| <i>Baibek A.K.</i> Birzhan Sal – outstanding representative of the singing tradition of Sary-Arka .....                                                     | 69  |
| <i>Beskemer A.</i> Translation and Interpretation of Literary Text: Equivalence Criteria .....                                                              | 81  |
| <i>Dina Mohamed Abdo</i> The Theme of a Female Militant (on the Material of B. Vasilyev’s Novel «The Dawns Here Are Quiet»).....                            | 88  |
| <i>Duysekova K.K., Gabdulina A.K.</i> Peculiarities of Kazakh and Chinese Metaphors .....                                                                   | 98  |
| <i>Duysengazy S.</i> Commonalty of ideo in Kazakh-Kyrgyz Aitys .....                                                                                        | 109 |
| <i>Zhakupov Zh.A., Dogdyrbai A.</i> Initial and Final Positions of the Text of Folklore Genres .....                                                        | 116 |
| <i>Zhumagulov S.B.</i> Fables of the Poet Sabit Donentayuly .....                                                                                           | 128 |
| <i>Konyratbayeva Zh.M.</i> East and West Space in the Cultural Picture of the World (Linguocultural Experiment) .....                                       | 135 |
| <i>Mursalimova G.A., Edilbayev B.</i> Theoretical and Methodological aspects of Animation Art .....                                                         | 149 |
| <i>Myrzakhanov T.A.</i> Lingual and Cultural Aspects of Translation of Metaphors in Financial and Economic Discourse .....                                  | 157 |
| <i>Nurakhmetov E.N., Naraliyeva A.A.</i> Gender features of oral speech in the Kazakh, English and German languages .....                                   | 169 |
| <i>Suynova G. S.</i> On Representation of Urban Identification in the System of Urbonyms .....                                                              | 177 |
| <i>Sultanbekova S.A.</i> Pragmatic Aspects of New Affixal Derivatives of the German Language .....                                                          | 185 |
| <i>Shaymerdinova N.G., Zhiyembay B.S., Zhiyembayeva G.T.</i> General characteristics of the nominal parts of speech in the Armenian-Kypchak monuments ..... | 192 |
| <b>Template</b> .....                                                                                                                                       | 206 |

---

---

## Содержание

|                                                                                                                                                             |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Акбаров А.</i> Социально-культурные факторы, связанные с политикой преподавания иностранного языка: тематическое исследование Боснии и Герцеговины ..... | 8   |
| <i>Атанасова С.</i> «Глобальные ландшафты» в малых пространствах: лингвистическая картина за публичными надписями Велико-Тырново .....                      | 17  |
| <i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Использование современных технологий в преподавании иностранных языков .....                                         | 29  |
| <i>Дюсекенева И.М., Дюсекенев Д.Н.</i> К проблеме этнокультурных деталей .....                                                                              | 39  |
| <i>Каженова М.М., Жусупова Р.Ф.</i> Интеграция новых технологий в учебном процессе .....                                                                    | 46  |
| <i>Шарипова М.К., Жанзакова Г.З.</i> Перевод как инструмент межъязыковой и межкультурной коммуникации .....                                                 | 52  |
| <i>Тажиббаева С.Ж., И.А. Невская, Мутали А.К., Кадыскызы А.</i> Функционирование казахского языка в Китае: проблемы и перспективы исследования .....        | 59  |
| <i>Байбек А.К.</i> Біржан сал – выдающийся представитель песенной традиции Сары-Арки .....                                                                  | 69  |
| <i>Бескемер А.</i> Перевод и интерпретация художественного текста: критерии эквивалентности .....                                                           | 81  |
| <i>Мухамед Абдо Д.</i> Тема женщины-бойца (на материале повести Б. Васильева «А зори здесь тихие») .....                                                    | 88  |
| <i>Дуйсекова К.К., Габдулина А.К.</i> Особенности казахских и китайских метафор .....                                                                       | 98  |
| <i>Дуйсенгазы С.</i> Общность идей в казахско-кыргызских айтысах .....                                                                                      | 109 |
| <i>Жакупов Ж.А., Догдырбай А.</i> Начальная и конечная позиции текста жанров фольклора .....                                                                | 116 |
| <i>Жумагулов С.Б.</i> Басни поэта Сабита Донентайулы .....                                                                                                  | 128 |
| <i>Коныратбаева Ж.М.</i> Пространство Восток и Запад в культурной картине мира (лингвокультурологический эксперимент) .....                                 | 135 |
| <i>Мурсалимова Г.А., Едильбаев Б.</i> Теоретические и методологические аспекты анимационного искусства .....                                                | 149 |
| <i>Мырзаханов Т.А.</i> Лингвокультурологические аспекты перевода метафор англоязычного финансово-экономического дискурса .....                              | 157 |
| <i>Нурахметов Е.Н., Наралиева А.А.</i> Гендерные особенности устной речи казахского, английского и немецкого языков .....                                   | 169 |
| <i>Суюнова Г.С.</i> Об отражении городской идентичности в урбонимиконе .....                                                                                | 177 |
| <i>Султанбекова С.А.</i> Прагматические аспекты новых аффиксальных дериватов немецкого языка .....                                                          | 185 |
| <i>Шаймердинова Н.Г., Жиёмбай Б.С., Жиёмбаева Г.Т.</i> Общая характеристика именных частей речи в армяно-кыпчакских памятниках .....                        | 192 |
| <b>Образец оформления статьи</b> .....                                                                                                                      | 208 |

5 Umbetayev M. Pirim meniң – Sųjinbai! [My Patron – Suyunbai!] (Kazakh University, Almaty, 1992). [in Kazakh]

6 Kyrgyz ehl yrchylary [Kyrgyz People's Akyns] (Institute of literature and Art, Bishkek, 1994) [in Kyrgyz].

7 Zalkar akyndar [Great Akyns] (Institute of literature and Art, Bishkek, 1998) [in Kyrgyz]

**Автор туралы мәлімет:**

*Дүйсенғазы Серікзат* - Филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, қазақ әдебиеті кафедрасының доценті. Астана, Қазақстан.

*Duisengazy Serikat* - Candidate of Philology, Associate Professor of the Department of Kazakh Literature, L.N. Gumilyov Eurasian National University. Astana, Kazakhstan.

XFTAMP 16.21.61

**Ж.А. Жақыпов<sup>1</sup>, А. Доғдырбай**

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*  
(E-mail: <sup>1</sup>zhan.zhak58@gmail.com)

**Фольклорлық жанрлар мәтінінің бастапқы және аяққы шендері**

**Андатпа.** Мақалада қазақ ауыз әдебиеті жанрлары мәтіндерінің бастапқы және аяққы позицияларының ерекшеліктері лингвофольклортану тұрғысынан талданады. Фольклорлық мәтіндердің бастапқы және аяққы шендерінің жалпы мәтіндегі функциялары баяндалады.

Фольклорлық жанрлардың белгілі бір синтаксистік формулалармен басталып, солайша аяқталуы типтік құбылысқа жатады. Фольклортану ғылымы мұны жаттанды нәрседей қабылдайды. Алайда бұл позицияларды лингвофольклортану тұрғысынан қарағанда біраз жайттардың мәні ашылады, бастапқы және аяққы шендердің функциялары анықталады, олар: мәтіннің басталуының белгілері, баяндау барысына өту амалы, тақырып пен негізгі идеяны байланыстыру, сюжет пен мәтіннің субъективтік мольділігінің байланысын орнату, оқиғаны түйіндеу, ғибрат беру, мәтінді декодтауға ықпал ету.

Сонымен қатар бұл позициялардың прагматикалық мәні зор, ол оқырманды оқиғаға кірістіруінен, ақпаратқа қызықтыру, тарту, шығармаға ерекше көңіл аударудан, коммуникативтік ахуалды модельдеуден, белгі беру немесе мәтін бөліктерін межелелеуден, оқырманға эстетикалық әсер беруінен, мәтінде жалпы тартымды сарын туғызудан, оқырманға ерекше зейін қойғызу және оны қызықтыруынан көрінеді. Осы жайттардың бәрінің лингвистикалық бірліктермен берілу жолдары бар. Ол жолдар фольклорлық жанрлардың әр жанрында әртүрлі. Мақала «Қазақ фольклорын тілдік-жанрлық зерттеу» ғылыми жобасының шегінде жазылды.

**Түйін сөздер:** тұрғы, бастапқы шен, аяққы шен, мәтін, фольклорлық мәтін, фольклорлық жанр, формулалылық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-124-3-116-127>

**Кіріспе.** Мәтін теориясында мәтіндік тұрғылар мәселесі елеулі орын алады. Солардың бірі – «күшті тұрғы» болып саналатын басталым мен аяқталымды белгілейтін шендер. Бұлар мәтін түзілімінде ерекше функциялар атқарады.

Мәтіннің бастапқы шені өте маңызды тұсы, осы тұста сөздерді таңдап-талғап қолданудың маңызы зор, себебі дұрыс таңдалған әр сөз негізгі идеяны беруге әсер етеді және оқырманның мәтінді дұрыс қабылдауына жол ашады.



Мәтіннің бастапқы шенінің негізгі функциясы: 1) сигналдық (іс-әрекеттің басталуының сигналы); 2) әңгіме барысына өту; 3) тақырып пен мәтіннің негізгі идеясын байланыстырушы; 4) сюжет пен автордың позициясының байланысын көрсетеді;

«Мәтіннің аяққы шені ең бірінші, мәтіннің аяқталғандық санатын білдіретін бөлшегі болғаны үшін маңызды», - дейді Я.Г.Кухаренко [1,30]. Мәтіннің аяққы шені авторға өзіндік мінез беруді сүйемелдейді. Мәтіннің немен, қандай оқиғамен, қандай жағдаймен аяқталатыны оқырман үшін беймәлім. Сондықтан, автор мәтінді аяқтау арқылы өзінің көңіл-күйі мен мінезі арқылы оқырманға прагматикалық тұрғыдан әсер етеді. Мәтіннің бастапқы шені мен аяққы шені кез келген мәтіннің рамасы іспетті. Мәтіннің басы кодтық кілттің қызметін атқарады – бұл арқылы оқырман әрі қарай мәтінді қалай декодтау керек екенін түсінеді; ал мәтіннің аяққы шені – мәтіндегі сюжеттің соңын білдіреді, тек болып жатқан жағдайдың соңы емес, автор құрған шығарма дүниесінің аяғын білдіреді [2,158].

«Фольклорлық мәтін» ұғымы тек фольклортану саласында қаралады, ал тілтану ғылымы бұған назар аударма қойған жоқ. Сондықтан жоғарыда бағдарланған жайттардың қазақ фольклорлық мәтіндеріндегі көріністерін сипаттап беру жалпы тіл білімі үшін өзекті мәселе болып тұр. Осыған орай, тілдік тұрғыдан талдау үшін жанрлардың фольклортанулық жіктелуі негізге алынды. Ал мәтін теориясы бойынша мәтіндер көркем және көркем емес, ауызша және жазбаша типтерге бөлінетіндігі белгілі [3, 112-114]. Бұл тұрғыдан келгенде біз нысанға алып отырған мәтіндер көркем мәтіннің жанрлық түрлеріне жатады.

**Мақсаты мен міндеттері.** Бұл мақалада фольклорлық мәтіннің бастапқы және аяққы шендерінің лингвостилистикалық сипаттарын көрсетіп, олардың әр фольклорлық жанрдағы өзіндік көріністерін талдауды мақсат тұттық. Осыған орай мынадай міндеттер қойылды: а) әр түрлі фольклорлық жанрлардың басталымындағы тілдік ерекшеліктерді айқындау, олардың қызметтерін көрсету; ә) әр түрлі фольклорлық жанрлардың аяқталымындағы тілдік ерекшеліктерді айқындау, олардың қызметтерін көрсету. Қазақ фольклорлық жанрларын түгел қамтуды мақала көлемі көтермеді.

**Зерттеу әдістері.** Талдау, негізінен, қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыт лингвофольклортану тұрғысына сүйенеді. Осыған орай фольклорлық мәтіндердің басталымы мен аяқталымына лингвистикалық түсіндірме жасалады, яғни қазіргі қазақ әдеби тілін қазіргі әдеби нормамен шендестіру тұрғысында тілдік бірліктерді, соның ішінде тілдік бірліктердің функциялық-стильдік және стилистикалық бояулары қарастырылады; тілдік бірліктер семантикаланады, яғни олардың мән-мағынасы ашылады, бейнелілігі контекстегі мәнісі түсіндіріледі. Мәтін талдаудың негізгі деңгейлері – бейнелік-тілдік, құрылымдық-композициялық, идеялық-тақырыптық деңгейлер қамтылады.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Мәтіннің басталымы мен аяқталымы мәтінтүзімге арналған еңбектерде ескеріліп отырады. Алайда, арнайы зерттеулер тапшы.

Бұл мәселе И.В. Арнольд, Л.Е. Лисовицкая еңбектерінде тереңірек қарастырылған. И. Арнольд мәтіннің басталу, аяқталу функцияларын: 1) оқырманды қызықтыру, тарту, оған шығармаға ерекше көңіл аударту («интригующие» функции, функции привлечение читателя); 2) кіріспелік функцияны модельдеу, үйлестіру (моделирование функции введение); 3) белгі беру немесе шекараайрымдық (сигнализирующая или делимитрующая функции); 4) оқырманға эстетикалық ләззат беру (эстетически настраивающая функция) [4, 23] деп, ал Л. Лисовицкая: 1) мәтінге жалпы тартымды сарын (үн) туғызу (создание общей тональности); 2) коммуникативтік ситуацияны модельдеу (үлгілеу) (моделирование коммуникативной ситуации); 3) оқырманға ерекше зейін қойғызу және оны қызықтыру (создание напряженности и заинтересованности читателя); 4) кіріспе-ақпараттық (вводно-информативная функция) [5, 5] деп саралайды.

М.В. Ломоносов болса, мәтіннің әсерлі тұсы алдыда, әлсізі ортада, ал ең әсерлісі әрі күштісі соңында болу керек дейді [1, 99].

Қазақ тіл білімінде мәтіннің басталуы мен аяқталу шендеріндегі лингвистикалық сипаттарды арнайы зерттеген – М.Қ. Жүнісова. Оның диисертациясында бастапқы және соңғы сөйлемдердің лексика-морфологиялық құрамын, синтаксистік құрылымын айқындау; бастапқы және соңғы сөйлемдердің семантика-стилистикалық, шекараайырымдық (делимитативтік) функцияларын талдау; бастапқы және соңғы сөйлемдердің эмотивті, бейнелі-мәнерлі түзілу сипатын саралау; бастапқы және соңғы сөйлемдердің шығарма композициясымен байланысын анықтау; соңғы сөйлемдерде әңгіменің түйінделу тәсілдерінің сипаттарын белгілеу сияқты міндеттер орындалды [6, 99].

Көріп отырғанымыздай, бұл еңбектерден көркем мәтіннің күшті тұрғылары жөнінде пайдалы айғақтар алуға болады, алайда қай-қайсында болсын фольклорлық мәтіннің ерекшеліктерін қарастыру міндеті қойылмаған.

Фольклорда мифтер үлкен орын алады. Мифтік ұғым-пайымдар қазақ фольклорының ұстыны сияқты болып көрінеді. Осыған орай, мәтіннің басталымы мен аяқталымының мифологиялық фольклорда өзіндік ерекшеліктері бар.

Мифтегі бастаулар ертегідегідей (Ертеде, ерте-ертеде, ешкі құйрығы келтеде; Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, т.с.с), немесе эпостағыдай (Қолыма қалам алдым жыр жазалы, Бисмилла, сөз бастаймын, иә, Рахман) арнайы қалыптармен берілмейді, тіпті әңгіменің түп мазмұнына өту үшін түсіндірме сөзі де керек емес. Мифтердегі бастаулар өз ішіндегі түрлеріне байланысты өзгереді. Космогониялық мифтерде көбіне: Айда кемпір бар [Б.С. 78-том, 36-б.]; Жетіқаракшы жұлдызының алтауы – ұрылар [Б.С. 78-том, 33-б.]; Үркер бұрын құрт екен [Б.С. 78-том, 37-б.]; Кемпірқосақ – кемпірдің қосағы [Б.С. 78-том, 38-б.]; Зүһра – Алланың шын сүйікті пендесі [Б.С. 78-том, 39-б.]; Аспандағы жұлдыздар көрініп тұрады [Б.С. 78-том, 44-б.], т.б. деген сөйлемдерден басталады. Бұл типтес сөйлемдердің бірінші қызметі мынаған саяды: айда кемпір бар, ары қарай тыңдарман айда кемпір не істеп жүр екен, қашаннан бері кемпір айды өз тұрағы еткен сияқты ойларға көміліп, кейінгі айтушының сөзін мұқиятпен, қызығушылықпен тыңдайтын болады. Мұндай бастауларды мәтінге тартушы сөйлем десек те болады. Себебі космогониялық мифтер әуелі осындай сөйлемдерден басталып, кейін бұл жайтқа ненің себеп болғанын айтады. Яғни, әуелі тапсырма, кейін оның шешімі беріледі. Ойымызды дәлелдеу үшін мына бір мысалды келтірейік: Кемпірқосақ – кемпірдің қосағы. Қосақ деп: ұзын арқанмен мойындарынан айқастыра тіркеп байлаған байлаған қой, ешкілер тобын айтады. Аспанда тұратын қазақтардың арасында өте бай кемпір бар. Кемпірқосақ – сол бай кемпірдің қосағындағы әртүсті қойлар. Сол кемпір сол қойларын ылғи да жауыннан кейін сауады [Б.С. 78-том, 38-б.]. Байқағанымыздай, Кемпірқосақ – кемпірдің қосағы – деп әуелі тапсырма берілетін болса, онан ары қосақ дегеннің не екендігін, неліктен жауыннан кейін кемпірқосақтың шығатынын шешім ретінде көрсетіп отыр. Сондықтан космогониялық мифтердің ең алғашқы сөйлемдерінің тапсырмасы мен шешімі стилдік ерекшепкен беріледі. Аты айтып тұрғандай, ғарыштық денелердің неден пайда болғандығы жайлы айтылатын миф болғандықтан, әңгіме сарыны жұлдыздар, Жер, Кемпірқосақ, айрықша Күн мен Айдың төңірегінде өрбиді.

Антропгондық-генеологиялық мифтер Есте жоқ ерте заманда алып Алтай тауын қоныстанған бір қауым жұрт болыпты [Б.С. 78-том, 47-б.]; Ерте кезде көп қолды бастаған Қалша қыдыр дейтін батыр қолбасшы болады [Б.С. 78-том, 50-б.]; Ерте заманда «Көк апа» деген жалғыз әйел болыпты, оның жалғыз көк сиыры бар екен [Б.С. 78-том, 58-б.]; Ертеде бір асқан бай болыпты [Б.С. 78-том, 73-б.]; Гун елінің көсемінің ай десе аузы, күн десе көзі бар, әлемде теңдесі жоқ екі қызы бар [Б.С. 78-том, 52-б.]; Жер бетінде ең алғаш жаралған адам Ай ата мен Ай апа екен [Б.С. 78-том, 58-б.], т.с.с. бастапқы сөйлемдермен басталады. Көріп отырғанымыздай, бұл түрдің мифтерінің алғашқы сөйлемдерінің баяндалуы өзгеше, әңгіменің негізгі бөліміне кіріспе іспетті болып келеді. Мұндай сөйлемдер, космогониялық мифтердегідей мәтінге тарту міндетінен гөрі ақпарат беру міндетін көздейтіндей. Яғни,

«Есте жоқ ерте заманда алып Алтай тауын қоныстанған бір қауым жұрт болыпты [Б.С. 78-том, 47-б.]» деген сөйлемді алсақ, бір жұрт ерте заманда өмір сүргенін, тіпті оның мекені қай жақ екенін, санының қаншалықты екендігін бірден бір сөйлемнің, алғашқы сөйлемінің ішінде беріп отыр. Сол себепті антропогондық-генеологиялық мифтердің алғашқы сөйлемдерінің бойында ақпарат басым болып келеді. Мұндай ақпарат адам немесе бір қауым жайлы болады.

Этиологиялық мифтердің де алғашқы сөйлемдерінде ақпарат басымырақ болады. Тек бұл түрдің мифтері аң-құстардың неден және қалай пайда болғандығы жөнінде баяндайтын мифтер болғандықтан, бастапқы сөйлемдеріндегі ақпаратты екі түрге бөлсек болады: біріншісінде аң-құс (Көктемде ұшып келіп, күз түссе, жылы жаққа қайтатын жыл құстарының ылғи алдын бастап, қарқара тарта ұшып отыратын «Қызылқан» атты бір құс болыпты [Б.С. 78-том, 97-б.]; Көнекөз қарттардың айтуы бойынша, шынында да құмай итала қаздан туады екен [Б.С. 78-том, 98-б.]; Бір заманда маймыл мен түлкі тату-тәтті өмір сүріпті [Б.С. 78-том, 130-б.] басты кейіпкер болады, яғни іс-әрекет, ақпарат соның төңірегінде болатын болса, екінші түрінде іс-әрекет аң-құсқа әсер етуші адамнан басталады, кейде Сүлеймен патша, Баба Түкті Шашты Әзиз немесе Бегім Ана сынды әулиелер болады. Мысалы: Бір күні Сүлеймен патша ғалаиссалам барша құсты жинап алып айтыпты: «Мен бұ күнде қартайдым етіме жұмсақ төсек керек. Баршаларыңыз барыңыздар, бір-бір жүндеріңізді беріңіздер, содан төсек істеу керек» дейді [Б.С. 78-том, 104-б.]; Бабай Түкті Шашты Әзиз бір күні Аргон өзенінің жағасына келіп, дәрет алып отырып, көктен аққу болып ұшып келіп, кебін шешіп қойып, өзен суына шомылып, шаштарын алтын тарақпен тарасып отырған үш ару қызды көреді де, ең кіші қыздың кебісін тығып қояды [Б.С. 78-том, 113-б.], кейде кәдімгі адам патша, аңшы, не мерген болады: Ертеде Қанқұмар есімді патша болыпты [Б.С. 78-том, 113-б.]; Бір жігіт айдалада келе жатып бір сұлу қызға жолығады [Б.С. 78-том, 117-б.]; Ертеде бір аңшы тау арасымен келе жатып, бір үңгірді көреді [Б.С. 78-том, 118-б.]; Бұрынғы заманда атақты бір мерген болыпты [Б.С. 78-том, 121-б.].

Фольклорлық мәтіннің басқа түрлеріндегідей мифтік мәтіннің аяққы шенінде әңгімеші тыңдарманға мақалмен, нақыл сөзбен немесе өз сөзімен үгіт-насихат айтпайды. Мифтік мәтіндегі оқиғаның басталуы кіріспесіз қалай тез басталса, аяқталуы да солай қорытындысыз тез бітеді. Миф мазмұнында дүниенің, жаратылыстың әр түрлі құбылыстары мен нысандарының пайда болуын, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар болғандықтан, мифтің соңғы шенінде оның бастапқы шенінде берілген сауалға немесе ақпаратқа жауап беріледі. Мысалы: Адамдардың мінез-құлқы мен тағдыры жайында «топырағы ауыр», «топырағы жеңіл» дейді [Б.С. 78-том, 63-б.]; Оның жүйрік сіргелі тай деген атағы тарап, «Сіргелі, Сіргелі» деп жүріп, Ойсылдың өсіп келе жатқан жалпы әулеті «Сіргелі» аталып қалады [Б.С. 78-том, 95-б.]; Мифтік мәтіннің аяқталуын мәтінді қорытындылаудан гөрі, қойылған тапсырмаға берілген жауап пайымын нығайту деп бағалаған жөн. Мына бір мысалға назар аударайық: Сауысқан туралы айтылған этиологиялық мифтің бастапқы шені: «Тыным таппай сүйреңдеп, көп сөйлей бергендіктен сауысқанның тілі аузына сыймай, ісіп кетіпті [Б.С. 78-том, 107-б.]», - деп басталса, ал аяққы шені: «Сөйтіп, сауысқан тілінен айырылып, күні бүгінге дейін мағынасыз шықылықтай береді екен [Б.С. 78-том, 107-б.]», - деп аяқталады. Байқап отырсақ, мұнда басындағы сауысқан туралы берілген ақпаратқа соңғы сөйлемде жауап беріп отыр. Сол сияқты мына мысалда да: Басы: Аң мен құстардың ішіндегі ең әдемісі, сымбаттысы әтеш болыпты [Б.С. 78-том, 112-б.], аяғы: Содан күні бүгінге дейін әтеш тоты құс пен әдемі киімін іздеп, таң қылаң бергеннен күн батқанға дейін айқайлап шақыра береді екен [Б.С. 78-том, 112-б.], - деп беріледі. Яғни, мифтік мәтіндердің аяқталуы бастапқы шеніндегі мәтінге тарту мақсатында айтылған алғашқы сөйлемге жауапты бекіту ретінде беріліп отырады деген тұжырымға келеміз.

Мифтік мәтіннің аяққы шенінің синтаксистік ерекшелігіне бірыңғай жай сөйлемдерді қолданылатынын жатқызуға болады. Сөйтсе де құрылысы жағынан күрделенген, құрмалас сөйлемдер де кездесіп жатады. Бірақ олардың өзара байланысы өте әлсіз, бытыраңқылық байқалып тұрады: Мысалы: Жетіқарақшы Үркерден безіп, шыр айналады, ол Үркердің қызын алып қашқан [Б.С. 78-том, 32-б.]; Жетіқарақшы түнімен «бұл екі атты ұрлаймыз» деп торып, аттар қозғалмай, қағулы тұрған қазықты айналып, күзетші алдырмай, таң атып кетеді [Б.С. 78-том, 34-б.]; Жетіқарақшының топ басшысы Қыранқарақшы Үркердің қызы Үлпілдекті мінгестіріп алып, үнемі қашып жүретін және ол қызын құтқармақ болып, қуып жүреді [Б.С. 78-том, 34-б.]. Көрініп тұрғандай, бұл сөйлемдерден ауызекілік, қарапайымдылық бірден байқалады: кейбір сөздердің орны ауысып кеткен, қосымшалар бір ретпен келмеген, әрі бір сөйлемнің компоненттері бір-бірімен байланысып үлгермеген, толық құрмаластық дәрежеге жетпеген. Сөйлемдер арасындағы тәуелсіздік бірден байқалады. Тәрізі, бұл бірліктер, ауызша сөзді хатқа түсірушілердің әрекетінен болса керек.

Мифтік мәтіннің кейбір аяқталымдарында ертегі мен жырлық мәтіннің соңғы шенінде кездесетін «мұратына жетіпті» деген құйма қалыптарды да кездестіріп отырдық. Мысалы: Шартына шыдаған күйеуін бақ-дәулетке бөлеп, мақсат-мұратына жеткізеді [Б.С. 78-том, 146-б.]; Сөйтіп, ғашықтар қосылып, мұратына жетіп, ұзақ жыл өмір сүріпті [Б.С. 78-том, 172-б.]; Аман-есен әйелімен қосылады, ақырында мұратына жетеді [Б.С. 78-том, 173-б.]. Сонымен мифтік мәтіннің аяққы шенін зерттей отырып, оның барлық әдеби туындылардың бастауы екеніне көз жеткіздік. Өзінің ерте қалыптасуына байланысты басқа фольклорлық мәтіндерге қарағанда көркемдігі аз болса да, мәтіннің эстетикалық, танымдық қызметі айқын көрінеді.

Эпостық мәтін стилімен, айтылу жолымен, сөздік қолданысымен, тіпті өлеңмен жазылуының өзімен мифтік мәтін мен ертегілік мәтіннен едәуір ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер эпос мәтінінің бастапқы және аяққы шенінде де байқалады.

Эпостық жырларда келетін алғашқы сөйлемдері сан ғасыр бойы қайталана қалыптасып формулаға айналған. Ғалым Е. Жұбанов бұл ерекшелікті орынды көрсеткен: «Ауыз әдебиетіндегі өлең үлгісіндегі туындылардың көпшілігінің тілі үшін сөйлем ішіндегі сөздердің бұлжымайтын синтаксистік тәртібінің болуы міндетті. Бұндай тәртіп кейбір реттерде жекелеген лексикалық элементтердің семантикалық аясын шектеп те тастайды. Уақыт орған сайын бұл сияқты сөз материалының да мағынасы көмескілене береді; егер сөз мағынасы соныланып, тағы бір жаңа ұғымға ие бола алмаған күнде, ондай лексема тіліміздегі басқа сөздермен қарым-қатынасын тежеп, ақыр соңында фольклор тілінде ғана ұшырасатын архаикалық «тас-кесектерге» айналады. Өлең құрылысына негізделген сөз тізбектері өздерінің синтаксистік құрылымын бұзбас үшін құрамындағы бұл секілді көнерген сөз тұлғаларын да бірсыпыра уақыттар бойы өзгеріссіз сақтап жүре береді» [7, 15].

Нысанға алынып отырған хикаялық дастандар, діни дастандар, ғашықтық жырлар, тарихи жырлар мен батырлар жырларының бастапқы шенінде кездестірген «тас-кесектер» немесе фольклорлық формуларалардың жиі қайталанатын қалыптарын былайша санама-лап көрсетуге де болады:

1. Қолыма қалам алдым хат жазғалы;
2. Құдайға сиынайын әуелінде/ Әуел бастан жазайын Құдай атын;
3. Бисмиллаһир-рахман ир-рахим;
4. Аузу сиынайын бір құдайға;
5. Жігіттер иманыңнан күдер үзбе.

Ауыз әдебиеті жырларының мақалмен де басталатыны кездеседі:

- «Ер туса ел бақытты» дейтін қазақ,  
Бұған да дәуір айғақ, тарих айғақ [Б.С. 27-том, 141-б].  
– «Боқы батыр» жазып бер, – деп бердің қағаз,  
«Жоқ болар ерде қадір, болса мал аз» [Б.С. 27-том, 210-б].

Мақалдардың жырдың басында келуі жырдың әсемдігін әрлендіре түседі әрі тарихи жырлар кейінгі уақыттың еншісінде болғандықтан, сөздік қолданыстардың әсемдене түсуі заңды да. Зерттеу барысында эпостық мәтінде жай сөйлемнің толымсыз, жақсыз немесе атаулы сөйлем түрлері кездеспейтіні байқалды. Жырдың басталымында баяндау, жырды тыңдарманға түсінікті ету, ақпараттың тыңдаушыға ұғынықты болуы көзделетіндіктен болар, жай сөйлемнің жақты, жайылма, толымды түрлері кездеседі. Мысалы: Бұрынғы өткен заманда Аққамыста Шорахан деген жер екен [Б.С. 45-том, 29-б.]; Бұрынғы өткен заманда Жиделі Байсын деген елде атақты Байбөрі, Байсары деген екі бай бар екен [Б.С. 33-том, 23-б.].

Қазақ батырлар жырларының бастапқы шенінде күрделенген сөйлемдер кездесе береді. Мысалы: Хикаят Нәрік батыр өз жұртынан барып, Ақша ханға жолдас болып көп замандар жүрген еді [Б.С. 33-том, 73-б.]; Содан кейін Шора Қазанда Нәріктен соң хан болып, үкім жүргізіп, қалмақ, қазақ халқын өзі сұрады [Б.С. 33-том, 208-б.]. Келтірілген мысалдардан көсемшелі оралым дара түрмен қайырылып отыратындығын, бірнешеу болып түйдектеліп келеетінін де байқауға болады. Бұл күрделенген сөйлемнің Қ. Есенов көрсеткен сипаттарына сәйкес келеді [8, 15-18].

Эпостың аяққы шенінде көзге айқын түсетін жайт – жыршының жырға қатыстылығы көрінеу тұрады. Жыршының жырды аяқтауының екі көрінісі байқалады: 1. жыршының жыр мәтініне қатысының айқын көрінуі; 2. жыршының жырланып отырған оқиғаны өз сөзімен аяқтауы. Бірінші көріністі екі жайтқа жіктеуге болады:

1. Жыршы соңынан белгі қалуын, дұға қалуын қалайды:

Белгі боп арт жағымда қалар ма екен,

Мен жаздым Есім ханның бұл қиссасын [Б.С. 56-том, 299-б.].

Молдалар оқысаңыз әр кітабым,

Өрқашан мақрұм қылма дұғаңыздан [Б.С. 53-том, 173-б.].

Бұл тәсілмен тамамдалған жырларда жыршының жырға қатысы айқын көрінеді және көбіне бірінші жақтан баяндалады. Жыршы өзінің атының өшпей, ұрпақтан ұрпаққа таралғандығын қалайды, қазақ халқы ерте уақытта дінге жақын болғандықтан артынан дұға жасалуын қалап жырды аяқтайтын болған. Жырдың белгілі бір жыршының жыры, нұсқасы ретінде халық арасында таралып, елдің жадында сақталуы бүгінгі күнде фольклорлық зерттеулерді тереңірек жасауға үлкен септігін тигізіп отыр.

2. Жыршы өз жырлағанын таразылап, түйіндейді

Іріктеп кесектерің ғана жазғам,

Болмайды барлығына берген бағам.

Мың тоғыз жүз жиырма жетінші жыл жазылды,

Осымен сөз аяғы тәман-тамам [Б.С. 27-том, 140-б.].

Ойда бар теріп жаздым сөздің бәрін,

Ұмытып қалған екем бірқатарын.

Шамам жоқ жаңғыртуға, сөз қосуға,

Жалғауға жалған сөзді келмес халім [Б.С. 27-том, 276-б.].

Жоғарыдағы мысалдардағыдай аяқтау көп эпостық мәтіннің соңғы шенінде кездеседі. Бұл тәсілде жыршы көркем жыр жолдарының түпнұсқадан біраз айырмашылығы бар екендігін ашып айтады. Мұндай аяқтаулымыздар халық ауыз әдебиеті жырларының ауыздан ауызға таралу арқылы бүгінгі күнге жеткендігін, олардың авторы халық екендігін тағы да бір дәлелдей түседі. Екінші көріністе бірнеше мазмұн бар.

1. Көнеден қалған тарих, ғибрат

Батырға күмбез болды алып аспан,

Халық оған қамал болды әуел бастан.

О, жұртым, танысындар сол дәуірмен,

Тоғысып аяқталды осы дастан [Б.С. 27-том, 119-б.]

Құдіретіне Құданың бәрі де оңай,  
Гибрат ал бұлардан, ердің ері [Б.С. 55-том, 203-б.].

Қандай да бір фольклорлық мәтіннің жоғарыдағыдай тәсілмен аяқталуы – қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларына жақын құбылыс. Себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей, жыршы жырлардың түп мақсаты эстетикалық тәрбие екендігін ұмытпай, жырдың аяқталу тұсына оның насихат екендігін тыңдарманға ескертіп өтеді.

2. Қайғылы аяқталу  
Үн қосып егілгендей бар табиғат,  
Қашанда ез тірліктен ерлік қымбат.  
Шығарып ғасырлардың биігіне,  
Жасартар қабырыңды гүлмен қымтап... [Б.С. 27-том, 198-б.]  
Қозыке өлген жерде Баян да өлді,  
Өркімнің сондай болсын алған жары [Б.С. 55-том, 146-б.].

Қайғылы аяқталу – негізінен лиро-эпостық жырларға тән құбылыс. С.А.Қасқабасов: «Романдық эпостың аяқталуы көбіне трагедиялық сарында болады» дейді [9, 207]. Ал батырлар жыры мен тарихи жырлардағы қайғылы аяқталу жырға негіз болған батырдың шейіт болуымен беріледі. Батырдың о дүниеге аттануына жұрттың қабырғасы қайысса да, батыр елі үшін жанын береді, еліне елдік алып береді, сондықтан жыршы батырдың бұл ісін қуанышпен жырлап отырып, батырдың іс-әрекетін тыңдарманға үлгі етеді. Ғашықтық жырларға негіз болған сюжет қыздың әкесі қаламаған жігітке қашуы болып отырған және әкесінің теріс батасын алған қыз ешқашан да бақытты болмаған. Соның негізінде жыр екі жастың бір-біріне қосылмай, өмірден ішкұса болып өтуімен аяқталады.

3. Оқиғаның аяқталуымен бітіру  
Бөкенің баласы келіп Үрімжіге,  
Ханына қуғыншылар тарту еткен.  
Үрімжі ханы көшеге басын ілді,  
«Күш көрсеткен Бөкені ел көрсін деген [Б.С. 27-том, 240-б.].  
Он адам түгел қырылды,  
Көрген жаннан ес кетті [Б.С. 78-том, 209-б.].

Кейбір жырлардың аяқталымында жырланып отырған оқиғаның немен аяқталғандығы туралы ақпарат беріліп қана тамамдалады. Жыршы бұл жағдайға өз қатынасын, ойын білдірмейді, тарихи фактіні ғана айтумен тоқталады.

4. Жағымды жағдаймен аяқталу  
Халықтың көңілі бітеді,  
Қайғының бәрін кетірді,  
Дұшпандары өкінді,  
Әділ атты ханыңды  
Дегенге Құдай жеткізіді [Б.С. 42-том, 115-б.].  
Той жасап батыр үшін елі жатты,  
Осыменен тамам еттік бұл кеңесті [Б.С. 78-том, 148-б.].

Жақсы бақытты аяқталымдар, негізінен, батырлар жырларына тән болады. Батырлар жырындағы дәстүрлі мотив перзентсіз әке-шешенің бір балаға зар болуымен басталып, батырдың ғажайып тууы мен өсуі, түс көруі, дұшпанымен соғысуын қамтып, дұшпанын жеңіп еліне оралуымен аяқталады. Дұшпанын жеңген батырдың еліне аты шығып, құрметті болады. Осы сынды аяқтаулар батырлар жыры тарихи жырлардың көбі дерлік аяқталады. Ертегілік мәтіндегідей «мұратына жетіпті» деген құйма қалып тіркесі де жиі қолданылады: Тұяқбай батыр өтіпті, Мұратына жетіпті алып беріп ел кегін [Б.С. 51-том, 308-б.]. Ал, жоғарыда келтірілген «Қыз Жібек» жырының аяққы шені бақытты аяқтаумен тәмамдалып тұр. Ескерте кетейік, Қыз Жібектің Төлегенге қосылуына әкесі оң батасын берген, жырдың

сюжеті бойынша, Төлеген Бекежанның қолынан қайтыс болады да, Қыз Жібек Төлегеннің інісі Сансызбайға қосылады. Бұл «Қыз Жібек» жырында ғашықтық жырдың да, батырлар жырының да сарыны байқалатындығынан соңғы шені эпикалық жырға жақын болғандықтан, бақытты аяқталған деп түйеміз. Өйткені «Жырдың жалпы нобайы мен тақырыбына, сюжеттің, оқиғаның даму логикасы мен композициясына қарағанда, оның бірінші бөлімі өзінше жеке шығарма болып туып, ел арасына тараған болу керек. Бұл бөлім жеке күйінде нағыз ғашықтық жырдың үлгісі болып көрінеді, яғни бірін-бірі сүйген екі жастың бақытсыз тағдырын баяндаған болу керек. Ғашықтық жырының заңы бойынша Төлегеннің өлгенін естіген Қыз Жібек өзі де өмірмен қоштасу керек еді. Алайда, ол олай етпейді, тірі қалады. Екінші бөлімде Төлегеннің інісі Сансызбай хабарсыз кеткен ағасын, оның әйелін іздеп шығады, бірақ ол тек Жібекті табады. Жесір қалған жеңгесін зорлықпен алғалы жатқан қалмақпен соғысып, Жібекті алып, аулына қайтады. Сансызбай-Жібек бөлімі – эпикалық жанрда жиі кездесетін эпилог болып шыққан. Әдетте, мұндай эпилогта әкесінің, немесе ағасының істей алмай кеткен шаруасын баласы, я болмаса інісі жалғастырып тындыратын болған» [9, 249].

Фольклордың келесі бір жанрлық түрі – ертегілер. «Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркем түрі, яғни фольклорлық сөз өнері. Оның ең басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау» [9, 135].

Қазақ ертегілері жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан әр алуан. Ол іштей бірнеше жанрларға бөлінеді: хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, новеллалық ертегілер, сатиралық ертегілер. Сюжеттік құрамына сәйкес, тек қазақтың өзіне тән ертегілермен қатар, бірнеше халыққа тән ертегілер де бар. Қай халықтың ертегісі болсын, идеологиялық, эстетикалық қасиеті болады да, айтушыны да, тыңдаушыны да тәрбиелеп отырады.

Ең алдымен ертегілердің қалыптасу уақыты сонау көне замандарда бастау алғандығын ескертейік. Сондықтан, олардың басым бөлігі мифтік баяндаудан әлі арыла қоймаған. Баяндау сарындары, әсіресе, этиологиялық ертегілерде, мифтік мәтіндегідей, ақпарат беру сипаты басымырақ келеді. Мысалы: Қазақтың есептерінде жылдан үлкен мүшел дегендер бар [Б.С. 73-том, 49-б.], Әуелі түлкінің құйрығы жоқ еді [Б.С. 73-том, 50-б.]; Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті [Б.С. 73-том, 51-б.]; Ерте, ерте, ертеде мысық пен тышқан өте тату дос екен [Б.С. 73-том, 51-б.]. Бұл мысалдардан байқағанымыз, миф мәтінінің алқашқы сөйлемінің берілу тәсілі тәрізді ертегілердің мәтінде де бірінші ақпарат беру арқылы болған оқиға жайлы қысқа баяндап, әңгіменің әрі қарай не жайында өрбитіндігі туралы мағлұмат беріп отырады. Бұндай бастаулар әдетте этиологиялық ертегілерде көп кездеседі. Себебі этиологиялық ертегілерде де, дәл этиологиялық мифтердегідей жануарлардың, хайуанаттардың неден пайда болғандығы туралы не «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Мысық пен тышқан неге өштеседі?» сынды сұраққа жауап беріледі.

Ертегі мәтінде әдепкі ертеде, баяғыда, ерте заманда, ілгеріде, ерте, ерте, ертеде, еркі жүні келтеде сынды бастаулардан басқаша бастауларды да кездестіруге болады. Олар: Бар екен де жоқ екен, аш екен де тоқ екен, алыс бір теңіздің жағасында, біз жақ бетінде емес, арғы жағында бір қоянның көжегі өмір сүріпті [Б.С. 73-том, 198-б.]; Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, ел ханға қарағанда, хан елді алдағанда бір би өмір сүріпті [Б.С. 76-том, 87-б.]; Баяғы өткен заманда, халық ханнан зар илеген заманда өте әділ, өзі бай бір хан өмір сүріпті [Б.С. 76-том, 290-б.]; Сан ғасыр тарихты шолғалы, ерте ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде қуарған шағында, бір бай өмір сүріпті [Б.С. 76-том, 214-б.].

Бірінші мысалға назар аударсақ, мұндай бастау қазақ ертегілерінде көп кездесе бермейді. Бұл бастаудың берілу стилінің өзі өзгеше, ертегіші антонимдерді өте жақсы қолданып, тыңдарманның көңілін көтеру арқылы қызықтырып отырған. Ертегідегі негізгі мағлұ-

мат көжектің теңіздің арғы жағында өмір сүргендігі, бірақ аш-тоқ, арғы жақ-бергі жақ деген антонимдер қарапайым ақпаратты әсемдей түседі. Дегенмен де, мұндай бастаулар ертегінің негізгі мәтінімен байланысты болмайды. Екінші, үшінші мысалдардағы «Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде» деген «құйма қалыпқа» хан елді алдаған, хан елді зар жылатқан деген сөз тіркестерін қосып отырған. Үшінші мысалда ертегі, хан елді зар жылатқан заманда бір бай, өте әділ хан өмір сүріпті деп басталады. Сонда мұндай ханның зар жылатуы, ханның алдауы кей ертегілерде құйма қалып болып кетуге бейімделіп тұр деп түюге болады, себебі бұл сөз тіркестерінен кейінгі келген арғы мәтін кіріспенің мазмұнымен байланыспай тұр. Ең соңғы мысалда «Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде» дегенге қуарған шағында деген сөз тіркесі қосылып, оған өзгешелік беріп тұр. Мұндай тәсілмен берілген алғашқы сөйлемдер әдеттегі кіріспелерден басқаша болып келгендігін көріп отырмыз.

Ал мына ертегілердегі бастаулар мүлде қызық: Бар екен де, жоқ екен, аш екен де, тоқ екен. Ертегім ерте екен, ешкілері бөрте екен, қырғауылы қызыл екен, құйрығының жүні ұзын екен, мұзға мінген екен, бұты тонған екен [Б.С. 74-том, 346-б.]; Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, байлар киіп қырмызы, жарлының тоны келтеде, жердің үстінде, аспанның астында әлемді таң еткен Келтең деген бір сараң бай болыпты [74-том, 221-б.]. Бұл бастаулар орыс ертегілеріндегі кіріспе «приказка» сынды келген. Әдетте, қазақ ертегілерінде мұндай бастаулар кездесе бермейді. С.А. Қасқабасов тіпті ертегілердің бұлай басталуын қазақ ертегілеріне жат деп санайды да, мұны кеңейтілген кіріспе деп атайды [10, 243]. Бұл бастауларда да ертегіші антонимдерді өте ұтымды пайдаланған, мұнан қазақ ертегілерінің бастауларындағы «құйма қалыптарында» антонимнің рөлі ерекше байқалады.

Кей ертегілердің алғашқы сөйлемдері «Баяғыда бір шал мен кемпір болыпты» деген кіріспе типіндегі сөйлем ретінде емес, бірден оқиғаның ортасынан диалог арқылы басталып кететін түрлері кездеседі. Мысалы: Ертеде бір байдың жалғыз баласы жылқы бағып жүрсе, бір адам келіп: – Балам! Бір айғыр үйірлі жылқы берсең, мен саған үш ауыз сөз насихат сөз үйретейін, - депті [Б.С. 74-том, 302-б.]; Күндерде бір күн Сүлеймен патша: – Алтын, күміспен көмкерілген ақ ордаларда отыра-отыра жалықтым. Енді маған әдемі қырналған ақ сүйектен, кемігі жоқ қақ сүйектен, ылғи ғана бас сүйектен, сарғаймаған жас сүйектен сарай салынсын, - деп бұйырады [Б.С. 74-том, 72-б.]; Келтірілген бұл мысалдарда ертегіші болған оқиға жайлы, сол уақытта қалыптасқан жағдай жайлы мағлұмат беріп жатпайды, ертегі кейіпкерлердің сөзімен бастап, тыңдарманды бірден оқиғаға енгізуді көздеп отырады. Ертегілік мәтіндердің соңғы шенінде де өзіндік ерекшеліктер баршылық.

Бақытты аяқталу – көптеген ертегілерге тән белгі. Біздің қолымыздағы ертегілік мәтіннің соңғы сөйлемдерін аяқталу тәсіліне қарай бес түрге бөліп қарастырсақ болады: 1. бақытты аяқталу, кейіпкерлердің өз мұратына жетуі; 2. нақыл сөзбен аяқтау, тыңдарманға ғибрат, өсиет айту; 3. кездейсоқ аяқталу, мәтіннің аяқсыз бітуі, яғни ашық қалуы; 4. себеп-салдар мәндес аяқталымдар; 5. қайғылы аяқталымдар.

Бірінші топқа Саудагер мен Қыпша сол шәріде патшалық дәуірімен қалған өмірлерін қызықпенен өткізіпті [Б.С. 74-том, 81-б.]; Сөйтіп, бала бір қыздың білімінің арқасында бір елді билеп, неше жыл хан болып дәурен сүріп, мұратына жеткен екен [Б.С. 74-том, 8-б.] деген мысалдарды жатқызсақ болады. Мұндағы сөйлемдерде, бәрі бақытты болады, мұраттарына жетеді деген бақытты аяқталыммен тәмамдалып тұр. Бай, хан болып мұратына жету – ерте замандағы аштықтан, кедейліктен, жоқшылықтан қиналған қарапайым халықтың арманы. Сондықтан көптеген классикалық ертегілерде халық арасынан шыққан сөздің соңы осындай тәсілмен аяқталатын болған.

Екінші топқа нақылмен, мақалмен аяқталатын ертегілерді келтірсек болады. Мысалы: «Өтірікті айтқан жақсы, қостаушысы табылса» деген мақал осыдан қолған деседі халық [Б.С. 76-том, 248-б.]; «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» [Б.С. 76-том, 250-б.]; «Кім ойласа досқа қас, басына тиер тас» деген мақал содан қалған [Б.С. 73-том, 109-б.]. Бұл мы-



салдардағы ертегілердің эстетикалық функциясы ерекше көрінеді, тек қана тыңдарманды қызықтыру ғана емес, сонымен қатар, оған насихат айту халық ауыз әдебиетінің бірден бір тәрбиелік рөлінің кемелдігінде жатыр. Себебі, соңғы сөйлем тыңдарманға тек әсер етіп қоймай, оның есінде қалып, кейінгі өмірінде дұрыс таңдау жасауына көмектеседі.

Үшінші топтың мысалдары: Қоштасып, осы жерде бірінен бірі мінін таба алмай, әрқайсысы өз бетіне кеткен екен деседі [Б.С. 73-том, 267-б.]; Көп жүрген екем деп қатты ренжідім, - депті сөзі селді, аузы желді айтушы [Б.С. 76-том, 250-б.]. Бұл типті аяқталымдар көбіне новеллалық ертегілерге тән, сондай-ақ бір танымал кейіпкер бірнеше ертегіге ортақ болғанда, кездеседі. Себебі, новеллалық ертегілер әңгіме іспетті болғандықтан, әңгіме сияқты қорытынды шығармай бітіру үйреншікті тәсілге айналған. Ал, бірнеше ертегіге ортақ болған кейіпкер дегеніміз, Алдар көсе, Қожанасыр, Тазша бала сияқты көп сатиралық ертегілердің кейіпкерлерінде бір ертегі келесісінің жалғасы болғандықтан, осындай болған екен деп қорытындысыз, аяқсыз бітіру қалыпты жағдайға айналып отырған.

Төртінші тәсілмен жасалған аяқтаулар көбіне хайуанаттар туралы ертегінің ішіндегі этиологиялық ертегілердің аяққы шенінен кездестіреміз. Мысалы: Сонан бері түлкінің құйрығы ұзын болып, қоянның құйрығы қысқа болып қалған екен [Б.С. 73-том, 51-б.]; Сөйтіп, күні бүгінге дейін мысық тышқанды көрді болды, бас салып қысып, мылжа-мылжасын шығарып жеп алатын болыпты [Б.С. 73-том, 52-б.]. Бұл сөйлемдерде сонан бері, сол үшін, сөйтіп деген себеп мәнді сөздермен аяқталып, тыңдарманға қызық болған кейбір сұрақтарға жауап беру арқылы тыңдаушыларды қызықтыра түседі.

Бесінші тәсілмен жасалған аяқталымдар – бірінші тәсілмен жасалған аяқталымдарға кереғар құбылыс. Мысалы: Сөйтіп, қанағатсыз жеті ағасы құйрықтарымен жер төпештеп, өгіздей өкіріп қалған екен [Б.С. 74-том, 313-б.]; Орманбет би мен оның ашына әйелі осы кезге дейін жүгін тарта алмай бір жерде жүр-міс дейді [Б.С. 74-том, 286-б.]. Берілген мысалдардан байқағанымыз, ертегіші бұл тәсілді қанағатсыз, әділетсіз, жағымсыз кейіпкерлердің жағдайын айтып тәмамдағанда қолданады. Соңғы мысалда әкесінің теріс батасын алған қыздың өліп кетуі тыңдарманға әкені сыйлау бәрінен биік тұратындығын көрсетеді. Жалпы бұл жағдай барлық ғашықтық жырлардың астарлы насихаты десек қателеспейміз. Бұған себеп кез келген фольклорлық мәтіннің бойында эстетикалық, тәрбиелік мән әрқашан да болады. Ертегідегі жағымсыз кейіпкердің өз сазайын алуы, адамгершілікке сай емес іс-әрекеттің жазалануы ертегінің гуманизді насихаттауының белгісі деп түйеміз.

Барлық фольклорлық мәтіннің түрлерінде кездесетін «құйма қалыптар» ертегілік мәтіннің аяққы шенінде көп кездесе бермейді, олардың ішіндегі көп қайталанатыны – «бақытты болып, мұратына жетіпті». Классикалық ертегілердің көбі осындай сөз тіркесімен аяқталады, бірақ кейбір ертегілерді, шаттықта өмір сүріпті, ауқатты болыпты, ханның қызын алыпты деген мазмұндағы сөйлемдермен де аяқталаып жатады. Бірақ бұлардың барлығы бақытты ғұмыр кешу дегенге келіп саяды.

Ертегінің соңғы шенін зерттеу барысында кейбір қызықты, көп ертегілерде қайталанбайтын, тек бірен-саран ертегіде кездесетін, өзгеше аяқтауларды да кездестірдік. Жігіт Сананы артынан тағы іздеп кетті. Әлі хабар жоқ. Мен де осы арада әлі тосып отырмын [Б.С. 76-том, 346-б.]. Қазақ ертегілерінде мұндай аяқталымдар кездеспейді. Ертегіші қазақ ертегілерін аяқтағанда әдетте I жақтан аяқтамайды, өзінің қатысын білдірмейді. Бұл сарын орыс ертегілерінен келген. Мысалы: Пришел Ивашко домой, взял у братьев девицу из золотого царства, и стали они жить да быть и теперь живут. Я там был, пиво пил; пиво то по усу текло, да в рот не папало (Гуси-Лебеди. Фольклор для детей от колыбельных до былин, 370). Ертегінің соңғы шеніне ертегішінің өзін қатыстырып айтуы – орыс ертегілеріне тән құбылыс. Той болды, бақытты ғұмыр кешті, мен де сол тойда болдым – орыс ертегілерінің құйма қалыптары. Жоғарыдағы мысалда ертегішінің мен де осы арада күтіп отырмын деген сөйлемінен аяқтауынан екі көршілес халықтың арасындағы әлсіз стильдік жанасуды байқаймыз.

**Қорытынды.** Сонымен, ауыз әдебиеті үлгілерінің арасынан таңдап алынған жанрлардың ерекшелігі бастапқы және аяққы шендерінен де байқалатынына толық көз жеткізуге болады деп санаймыз. Байқағанымыздай, фольклорлық мәтіннің басқа мәтіндерге қарағанда біршама өзгешеліктері бар екен.

Мифтік мәтін өте көне дәуірдің белгісі екендігіне көз жеткізсек, ертегілік мәтін, мифтік мәтінге қарағанда, тілдік-стильдік ресімдері берірек қалыптасқан деген тұжырымға келуге болады, ал жырлық мәтіннің жыршыға байланысты әр түрлі аяқталымы болатынын көрдік, оның көркем әдебиетке біршама жақын екендігін білдік. Үш жанрға да ортақ құйма қалып «мақсат-мұратына жету» деген тіркес болды. Байқап қарасақ, ата-бабамыз көне дәуірден бері мақсаты мен мұратын биік қойып, оған әрқашан да жетуді көздеген: я қиялымен, я ісімен. Үш жанрдың мәтінінде де эстетикалық қызмет өте жақсы көрінеді. Бұл фольклорлық мәтіннің тәрбиенің көзі, мәдениеттің қайнары екендігін тағы да бір дәлелдей түседі.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Кольцова Л.М., Лунина О.А. Художественный текст в современной лингвистической парадигме. / Л.М. Кольцова – Воронеж: Издательско-полиграфический центр ВГУ, 2007. – 51 с.
- 2 Лотман Ю.М. Структура художественного текста. / Ю.М. Лотман – Москва: Просвещение, 1998. – 288 с.
- 3 Валгина Н.С. Теория текста: Учебное пособие. / Н.С. Валгина – Москва: Логос, 2003. – 280 с.
- 4 Арнольд И.В. Значение сильной позиции для интерпретации художественного текста / И.В. Арнольд. // Иностран. яз. в шк. – 1978. – № 4. – 23-31 с.
- 5 Лисовицкая Л.Е. Технология лингвистического анализа художественного текста. Учебное пособие для студентов педагогических специальностей. / Л.Е. Лисовицкая – Самара: ПГСГА, 2011. – 236 с.
- 6 Жүнісова М.Қ. Бастапқы және соңғы сөйлемдердің лингвостилистикалық сипаты (әңгіме жанры бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. / М.Қ. Жүнісова – Астана, 2009. – 32 бет.
- 7 Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. / Е. Жұбанов – Алматы: Ғылым, 1978. – 184 б.
- 8 Есенов К. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. / К. Есенов – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 226 б.
- 9 Қасқабасов С.А. Ойөріс (Фольклор туралы). / С.А. Қасқабасов – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.
- 10 Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. / С.А. Қасқабасов – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.

**Ж.А. Жакупов, А. Догдырбай**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### Начальная и конечная позиции текста жанров фольклора

**Аннотация.** В статье описываются и анализируются функции начальных и конечных позиций текстов в жанрах казахского устного народного творчества в лингвофольклористическом аспекте.

Начинание и завершение определенными синтаксическими формулами является типичным явлением в фольклорных жанрах. В фольклористике такое явление воспринимается тривиально. Рассмотрение с позиции лингвофольклористики позволяет раскрыть некоторые важные черты фольклорного текста, определить функции начальной и конечной позиции текстов фольклорного жанра: признаки начала текста, способы перехода к повествованию, связь темы и основной идеи произведения, установление связи между сюжетом и субъективной модальностью текста, заключение повествования, назидание, воздействие декодирование текста.

Вместе с тем рассматриваемые позиции имеют важное прагматическое значение, так как погружают читателя в описываемые события, повышают интерес, воздействуют на читателя, моделируют коммуникативную ситуацию, являются сигналами каких-либо событий, размежевают части текста, влияют на эстетическое восприятие фольклорного текста, формируют привлекательный мотив в тексте, стимулируют проявление особого внимания к тексту. Все эти явления передаются путем употребления определенных лингвистических единиц. Следует отметить, что такие способы в разных жанрах проявляются по-разному. Статья написана в рамках научного проекта «Языково-жанровое исследование казахского фольклора».

**Ключевые слова:** позиция, начальная позиция, конечная позиция, фольклорный текст, фольклорный жанр, формульность.

**Zh.A. Zhakupov, A. Dogdyrbai**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **Initial and Final Positions of the Text of Folklore Genres**

**Abstract.** Functions of the initial and final positions of texts in the genres of Kazakh oral folklore in the ling folkloristic aspect are described and analyzed in the given article. The beginning and completion of specific syntactic formulas are regarded as a typical phenomenon in folklore genres. This phenomenon is perceived trivially in folklore. Examination from the position of linguistic folklore reveals some important features of the folklore text, defines functions of the initial and final position of the texts of the folklore genre: signs of the beginning of the text, ways of transition to the narrative, connection of the theme and the main idea of the work, establishing relation between the plot and the subjective modality of the text, edification and impact decoding of the text.

At the same time, the positions in question have an important pragmatic significance, since they immerse the reader in the current event, increase interest, influence the reader, simulate the communicative situation, signal the events, separate the parts of the text, influence the aesthetic perception of the folklore text, form an attractive motive in the text and stimulate manifestation of a special attention to the text. All these phenomena are transmitted through the use of certain linguistic units. It should be noted that such methods in different genres manifest themselves in different ways.

The article is written in the framework of the scientific project “The Study of Kazakh Folklore from the Linguistic-Genre Point of View”.

**Keywords:** position, initial position, final position, folklore text, folklore genre, formality.

### **References**

- 1 Kol'tsova L.M., Lunina O.A. Hudoshestvennyi tekst v sovremennoi lingvisticheskoi paradigme [The artistic text in the modern linguistic paradigm]. (Izd.-poligr. tsentr VGU, Voronezh, 2007. – 51 p.). [in Russian]
- 2 Lotman Yu.M. Struktura hudoshestvennogo teksta [Structure of an artistic text]. (Prosveshenie, Moskva, 1998. - 288 p.). [in Russian]
- 3 Valgina N.S. Teoriya teksta: Uchebnogoe posobie [Text theory: Textbook]. (Logos, Moskva, 2003). [in Russian]
- 4 Arnol'd I.V. Znachenie sil'noi pozitsii dlya interpretatsii hudoshestvennogo teksta / I.V. Arnol'd. // Inostr. yaz. v shk. – 1978. – № 4. – P. 23-31. [in Russian]
- 5 Lisovitskaya L.E. Tehnologiya lingvisticheskogo analiza hudoshestvennogo teksta. Uchebnogoe posobie dlya studentov pedagogicheskikh spetsial'nostei [Technology of linguistic analysis of artistic text. Textbook for students of pedagogical specialties]. (PGSGA, Samara, 2011. - 236 p.). [in Russian]
- 6 Junisova M.Q. Bastapqy jane songy soilemderdin lingvostilistikalyq sipaty (angime janry boinsha) [Linguostilistic character of the initial and final sentences (in the genre of conversation)]: filol. gyl. kand. ... dis. avtoref [filol the science kand ... disc. author]. (Astana, 2009. – 32 p.). [in Kazakh]
- 7 Jubanov E. Epos tilinin ornekteri [Expression of epos]. (Gylym, Almaty, 1978. – 184 p.). [in Kazakh]
- 8 Esenov K. Qazaq tilindegi kurdelengen soilemder [Speaking in Kazakh]. (S.Toraigyrov atyndagy Pavlodar memlekettik universiteti, Pavlodar, 2010. – 226 p.). [in Kazakh]
- 9 Qasqabasov S. Oioris (Fol'klor turaly) [Outer Space (About Falkirk)]. (Astana, 2009. – 320 p.). [in Kazakh]
- 10 Qasqabasov S. Qazaqtyn halyq prozasy [The Kazakh folk prose]. (Gylym, Almaty, 1984. – 272 p.). [in Kazakh]

#### **Авторлар туралы мәліметтер:**

**Жақыпов Ж.** - филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Догдырбай А.** - филология ғылымдарының магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Zhaiipov J.** - Doctor of Philology, Prof. L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Dogdyrbai A.** - Master of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.  
Филология сериясы» журналында мақала жариялау ережесі**

**1. Журналдың мақсаты.** Филология ғылымдарының өзекті мәселелерін, тіл және әдебиетті оқыту әдістемелерін және де ғылыми конференциялардың ең маңызды материалдарын, библиографиялық шолу мен сын пікірлерді көрсететін әдебиеттану және тілтану саласындағы мұқият тексеруден өткен түпнұсқа ғылыми жұмыстарды жариялау.

**2. Журналда мақаланы жариялаушы автор** Ғылыми басылымдар бөліміне (мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қаласы, Қ. Сәтпаев көшесі, 2, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Бас ғимарат, 408 кабинет) қолжазбаның қол қойылған 1 дана қағаз нұсқасын тапсыру және **Word** форматындағы нұсқасын **vest\_phil@enu.kz** электрондық поштасына жіберу қажет. Қағазға басылған мақала мәтіні мен электронды нұсқасы бірдей болулары қажет. Мақаламен бірге автордың жұмыс орнынан **Ілеспе хат** та тапсырылуы қажет. Мақалалар **қазақ, орыс, ағылшын** тілдерінде қабылданады.

**3.** Авторлардың редакцияға мақалаларды жіберуі «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысында» басуға және шет тіліне аударып, қайта басуға келісiмiн бiлдiредi. Автор мақаланы редакцияға жіберу арқылы өз туралы мәліметтің дұрыстығына, мақала көшірілмегендігіне (плагиаттың жоқтығына) және басқа да заңсыз көшірмелердің жоқтығына, барлық көшірмелердің, кестелердің, сұлбалардың, иллюстрациялардың тиісті түрде рәсімдеуіне кепілдеме береді.

**4. Ұсынылатын мақала көлемі** (жеке деректер мен әдебиеттер тізімін қоса):

- мақалалар үшін - 8 ден 16 бетке дейін;

- сын пікірлер (монографияға, кітапқа) және конференция туралы пікір - 6 дан 12 бетке дейін.

**5. Мақала мәтінінің пішіні:**

– **Microsoft Word** (docx) форматындағы файлда;

– **Times New Roman** шрифінде;

– жақтау жолағы 2x2x2x2;

– 1,5 жоларалық интервалы;

– 14 кегл;

– мәтінді жақтау көлеміне сәйкестендіру керек;

– Әрбір азатжол қызыл сызықтан басталуы қажет (1 см шегініс);

– **транслитерация** Library of Congress (LC) жүйесінде жасалуы керек.

**Мақаланы құру сұлбасы:**

**XҒТАР** <http://grnti.ru/> - бірінші жолдың сол жақтауында;

**Автор(лар) туралы метамәліметтердің мазмұны** (Рәсімдеу үлгісі / Образец оформления статьи / Template қараңыз)

**Автор(лар)дың аты-жөні** – жолдың ортасында **қою әріппен** жазылады;

**Мекеменің толық атауы, қаласы, мемлекеті** (егер авторлар әртүрлі мекемелерде жұмыс істесе, онда автордың тегі мен тиісті мекеменің қасында бірдей белгіше қойылады) Автор(лар)дың **E-mail**-ы – жақша ішінде (*курсивпен*);

**Мақала атауы** – жолдың ортасында (жартылай қоюмен)

**Аңдатпа** – (100-200 сөз) формуласыз, мақаланың атауын мейлінше қайталамауы қажет; әдебиеттерге сілтемелер болмауы қажет; мақаланың құрылысын (кіріспе, зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі, зерттеу нәтижелері, қорытынды) сақтай отырып, мақаланың қысқаша мазмұны берілуі қажет.

**Түйін сөздер** («Түйін сөздер» сөз тіркесі **жартылай қоюмен** белгіленеді) (5-8 сөз немесе сөз тіркестері) - Түйін сөздер зерттеу тақырыбын өте дәл бейнелеу керек, сонымен қатар, ақпараттық-ізвестіру жүйелерінде мақаланы жеңіл табуға мүмкіндік беретін мақала мәтінінің терминдерін және де басқа маңызды ұғымдарды қамтуы қажет.

**Мақаланың негізгі мәтіні** кіріспені, мақсат пен міндеттерді қоюлуын, зерттеу тақырыбы бойынша жұмыстардың шолуын, зерттеу әдістерін, нәтижелер/талқылау қорытынды қамтуы қажет (жоларалық интервал - 1, азат жол «қызыл жолдан» - 1 см, беттеу жолағы – еніне сай жасалады).

**Кестелер, суреттер** – аталғаннан кейін орналастырылады. Әр иллюстрация қасында оның аталуы болуы қажет. Сурет айқын әрі сканерден өтпеген болуы керек.

Мақаладағы формулалар тек мәтінде оларға сілтеме берілсе ғана нөмірленеді.

Жалпы қолданыста бар аббревиатуралар мен қысқартулардан басқаларына міндетті түрде алғаш қолданғанда түсініктеме берілуі қажет.

Қаржылай көмек туралы ақпарат бірінші бетте көрсетіледі.

**Әдебиеттер тізімі.** Мәтінде әдебиеттерге сілтеме тікжақшаға алынады. Мәтіндегі әдебиеттер тізіміне сілтемелердің нөмірленуі мәтінде қолданылуына қатысты жүргізіледі: мәтінде кездескен әдебиетке алғашқы сілтеме [1, 153 б.] арқылы, екінші сілтеме [2, 185 б.] арқылы т.с.с. жүргізіледі. Мақаланың негізгі мәтініндегі кітапқа сілтеме қолданылған беттерді көрсету керек (мысалы, [1, 45 б.]).

Жарияланбаған еңбектерге сілтемелер жасалмайды. Сонымен қатар, рецензиядан өтпеген басылымдарға да сілтемелер жасалмайды (әдебиеттер тізімін, әдебиеттер тізімінің ағылшынша әзірлеу үлгісін төмендегі мақаланы рәсімдеу үлгісінен қараңыз).

Мақала соңындағы әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық мәліметтер орыс және ағылшын тілінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілінде (егер мақала орыс тілінде жазылса), орыс және қазақ тілінде (егер мақала ағылшын тілінде жазылған болса) беріледі.

**Авторлар туралы мәлімет:** аты-жөні, ғылыми атағы, қызметі, жұмыс орны, жұмыс орнының мекенжайы, телефон, e-mail – қазақ, орыс және ағылшын тілінде толтырылады.

**6. Қолжазба мұқият тексерілген болуы қажет.** Техникалық талаптарға сай келмеген қолжазбалар қайта өңдеуге қайтарылады. Қолжазбаның кейін қайтарылуы, оның журналда басылуына жіберілуін білдірмейді.

**7. Электронды корректурамен жұмыс істеу.** Ғылыми басылымдар бөліміне түскен мақалалар жабық (анонимді) тексеруге жіберіледі. Эксперттер ұсынылған мақалаға оның жариялау мүмкіндігі, жақсарту қажеттілігі немесе қабылданбауы туралы дәлелді қорытындысын қамтитын жазбаша сын пікір береді. Жарамсыз деп таныған мақала қайтара қарастырылмайды. Мақаланы түзетуге ұсыныс берген жағдайда авторлар үш күн аралығында мақаланың корректурасын жіберу керек. Мақаланың түзетілген нұсқасы мен автордың рецензентке жауабы редакцияға жіберіледі. Оң сын пікірлер алған мақалалар оларды талқылау және басылымға бекіту үшін журналдың редакциялық алқасына ұсынылады.

**Журнал жиілігі:** жылына 4 рет.

**8. Төлемақы.** Басылымға рұқсат етілген мақала авторларына келесі реквизиттер бойынша төлем жасау қажет (ЕҰУ қызметкерлері үшін - 4500 тенге; басқа ұйым қызметкерлеріне - 5500 тенге).

**Реквизиттері:**

РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК  
Столичный филиал АО «Цеснабанка»

КБЕ 16

БИН 010140003594

БИК TSES KZ KA

Счет в кодировке IBAN –

KZ 91998 BTV 0000003104

*«За публикацию ФИО автора»*

## Provisions on articles submitted to the journal “Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series”

**1. Goal of the journal.** Publication of carefully selected original scientific papers in the fields of literary studies, linguistics, reflecting the actual problems of philology, language and literature teaching methods, most significant proceedings of scientific conferences, bibliographic summaries and reviews.

**2. An author who wishes to publish a paper in the journal must submit the paper in one hard copy (printed version),** signed by the author, to the scientific publication office (at the address: 010008, the Republic of Kazakhstan, Astana, Satpayev St., 2. The L.N. Gumilyov Eurasian National University, Main Administrative Building, Office 408) and by e-mail **vest\_phil@enu.kz** in **Word** format. At the same time, strict compliance between Word-version and the hard copy is required. And also the authors need to submit a cover letter.

**Language of publications:** Kazakh, Russian, English.

**3.** Submission of papers to the scientific publication office means the authors' consent to the right of the Publisher, the L.N. Gumilyov Eurasian National University, to publish papers in the journal and their re-publication in any foreign language. By submitting the text of the paper for publication in the journal, the author guarantees the correctness of all information about themselves, lack of plagiarism and other forms of unauthorized use in the article, proper formulation of all borrowings of text, tables, diagrams, and illustrations.

**4. The recommended volume of the paper (including metadata and references):**

- for papers – between 8-16 pages;
- for reviews (of monographs, books), reviews on conferences – between 6-12 pages.

**5. Text formatting requirements:**

- Microsoft Word file format (docx);
- Times New Roman font;
- the size of the fields 2 \* 2 \* 2 \* 2;
- line spacing 1,0;
- size 14;
- text alignment in width;
- each paragraph beginning with the main line (indent 1 cm);
- transliteration is carried out according to the Library of Congress (LC) system.

**Structure of the article:**

**IASTI** <http://grnti.ru/> – first line, left

The content of the metadata about the author (see Рәсімдеу үлгісі / Paper template)

Initials and Surname of the author (s) – center alignment, italics

Full name of the affiliation, city, country (if the authors work in different organizations, you need to put the same icon next to the name of the author and the corresponding organization)

**Author's e-mail (s)** – in brackets (italics)

**Paper title** – center alignment (bold)

**Abstract (100-200 words)** must not contain formulas or repeat the content of the paper; it must not contain bibliographic references; it must reflect the summary of the paper, preserving the structure of the paper – introduction, methodology and research methods, research results, conclusion.

**Key words** (the phrase «Keywords» is bold) (5-8 words/word groups). Keywords must be extremely accurate to reflect the subject area of the study, include terms from the text of the paper and other important concepts that make it possible to facilitate and expand the possibilities of finding the paper by means of an information retrieval system).

The main text of the paper must contain an introduction, setting goals and objectives, a review of works on the research topic, research methods, results / discussions conclusion / conclusions – line spacing – 1, «main line» indent – 1.25 cm, justified alignment.

Tables, figures must be placed after the mention. Each illustration must be followed by the inscription. Figures should be clear, clean, and unscanned. Only those formulas referenced in the text are subjected to numbering.

All abbreviations and shprtenings, with the exception of obviously well-known, must be decoded when first used in the text.

Information about the financial support of the work is indicated on the first page in the form of a footnote.

**References.** In the text, references are indicated in square brackets. References must be numbered strictly in the order of mention in the text. The first reference in the text to a reference must have the number [1, 153 p.], the second – [2, 185 p.], Etc. The reference to the book in the main text of the article should be accompanied by an indication of the pages used (for example, [1, 45 p.]). Links to unpublished works are not allowed. Undesirable references to unlicensed publications are not recommended (examples of the description of the list of references, descriptions of the list of references in English, see below in the sample article).

**At the end of the paper,** after the list of references, it is necessary to indicate bibliographic data in Russian and English (if the paper is in Kazakh), in Kazakh and English (if the paper is in Russian) and in Russian and Kazakh (if the paper is in English language).

**Information about the authors:** last name, first name, patronymic, scientific degree, position, affiliation, full business address, telephone, e-mail – in Kazakh, Russian and English.

**6. The manuscript must be carefully verified.** Non-compliant manuscripts will be returned for revision. Returning for revision does not mean that the manuscript has been accepted for publication.

**7. Work with electronic proofreading.** Papers submitted to the Department of Scientific Publications (editing office) are sent for anonymous review. Experts give a written review of the submitted paper with a reasoned conclusion about the possibility of its publication, the need to send for revision or (rejection) of the paper. Papers that have received a negative review are not accepted for reconsideration. Authors should, within three days, send the proofreading of the paper if it is decided to finalize the paper. Corrected versions of papers and the author's response to the reviewer are sent to the editor. Papers with positive reviews are submitted to the editorial board of the journal for discussion and approval for publication.

**Periodicity of the journal:** 4 times a year.

**8. Payment.** Authors who have received a positive opinion on publication must pay to the following banking details (for ENU employees – 4,500 KZT, for outside organizations – 5,500 KZT):

**Реквизиты:**

РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК  
Столичный филиал АО «Цеснабанка»

КБЕ 16

БИН 010140003594

БИК TSES KZ KA

Счет в кодировке IBAN –

KZ 91998 ВТВ 0000003104

*«За публикацию ФИО автора»*

## Положение о рукописях, представляемых в журнал «Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Серия Филология»

**1. Цель журнала.** Публикация тщательно отобранных оригинальных научных работ в области литературоведения и языкознания, отражающих актуальные проблемы филологических наук, методы преподавания языка и литературы, а также наиболее значимые материалы научных конференций, библиографические обзоры и рецензии.

**2. Автору, желающему опубликовать статью в журнале,** необходимо представить рукопись в твердой копии (распечатанном варианте) в одном экземпляре, подписанном автором, в Отдел научных изданий (по адресу: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Учебно-административный корпус, каб. 408) и по e-mail [vest\\_phil@enu.kz](mailto:vest_phil@enu.kz). При этом должно быть строго выдержано соответствие между Word-файлом и твердой копией. А также авторам необходимо представить **сопроводительное письмо**.

**Язык публикаций:** казахский, русский, английский.

**3. Отправление статей в редакцию означает согласие авторов на право Издателя** – Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева – публикации статей в журнале и переиздания их на любом иностранном языке. Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций.

**4. Рекомендованный объем** (включая метаданные и список литературы):

- для статей – от 8 до 16 страниц;
- для рецензий (на монографии, книги), отзывов о конференциях – от 6 до 12 страниц.

**5. Требования к форматированию текста:**

- формат файла Microsoft Word (docx);
- шрифт Times New Roman;
- размер полей 2\*2\*2\*2;
- междустрочный интервал 1,0; – кегль 14;
- выравнивание текста по ширине;
- каждый абзац должен начинаться с красной строки (отступ 1 см);
- транслитерация осуществляется по системе Library of Congress (LC).

**Схема построения статьи:**

**ГРНТИ** <http://grnti.ru/> – первая строка, слева

**Содержание метаданных об авторе** (см. Рәсімдеу үлгісі/Образец оформления статьи/ Template)

**Инициалы и фамилия автора(ов)** – выравнивание по центру (начертание курсивом)

**Полное наименование организации, город, страна** (если авторы работают в разных организациях, необходимо поставить одинаковый значок около фамилии автора и соответствующей организации)

**E-mail автора(ов)** – в скобках (начертание курсивом)

**Название статьи** – выравнивание по центру (начертание полужирным)

**Аннотация** (100-200 слов) не должна содержать формулы, по содержанию повторять название статьи; не должна содержать библиографические ссылки; должна отражать краткое содержание статьи, сохраняя структуру статьи – введение, методологию и методику исследования, результаты исследования, заключение.

**Ключевые слова** (словосочетание «Ключевые слова» выделяется полужирным) (5-8 слов/словосочетаний). Ключевые слова должны предельно точно отражать предметную область исследования, включать термины из текста статьи и другие важные понятия, позволяющие облегчить и расширить возможности нахождения статьи средствами информа-



ционно-поисковой системы).

**Основной текст** статьи должен содержать введение, постановку цели и задач, обзор работ по теме исследования, методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы – межстрочный интервал – 1, отступ «красной строки» – 1,25 см, выравнивание по ширине.

**Таблицы, рисунки** необходимо располагать после упоминания. С каждой иллюстрацией должна следовать надпись. Рисунки должны быть четкими, чистыми, несканированными. В статье нумеруются лишь те формулы, на которые по тексту есть ссылки.

Все аббревиатуры и сокращения, за исключением заведомо общеизвестных, должны быть расшифрованы при первом употреблении в тексте.

Сведения о финансовой поддержке работы указываются на первой странице в виде сноски.

**Список литературы.** В тексте ссылки обозначаются в квадратных скобках. Ссылки должны быть пронумерованы строго по порядку упоминания в тексте. Первая ссылка в тексте на литературу должна иметь номер [1, 153 с.], вторая - [2, 185 с.] и т.д. Ссылка на книгу в основном тексте статьи должна сопровождаться указанием использованных страниц (например, [1, 45 с.]). Ссылки на неопубликованные работы не допускаются. Нежелательны ссылки на нерецензируемые издания (примеры описания списка литературы, описания списка литературы на английском языке см. ниже в образце оформления статьи).

В конце статьи, после списка литературы, необходимо указать библиографические данные на русском и английском языках (если статья оформлена на казахском языке), на казахском и английском языках (если статья оформлена на русском языке) и на русском и казахском языках (если статья оформлена на английском языке).

Сведения об авторах: фамилия, имя, отчество, научная степень, должность, место работы, полный служебный адрес, телефон, e-mail – на казахском, русском и английском языках.

**6. Рукопись должна быть тщательно выверена.** Рукописи, не соответствующие техническим требованиям, будут возвращены на доработку. Возвращение на доработку не означает, что рукопись принята к опубликованию.

**7. Работа с электронной корректурой.** Статьи, поступившие в Отдел научных изданий (редакция), отправляются на анонимное рецензирование. Эксперты дают письменную рецензию на представленную статью с мотивированным заключением о возможности ее опубликования, необходимости направить на доработку или (отклонении) статьи. Статьи, получившие отрицательную рецензию, к повторному рассмотрению не принимаются. Авторам в течение трех дней необходимо отправить корректуру статьи в случае принятия решения о доработке статьи. Исправленные варианты статей и ответ автора рецензенту присылаются в редакцию. Статьи, имеющие положительные рецензии, представляются редколлегии журнала для обсуждения и утверждения для публикации.

**Периодичность журнала:** 4 раза в год.

**8. Оплата.** Авторам, получившим положительное заключение к опубликованию, необходимо произвести оплату по следующим реквизитам (для сотрудников ЕНУ – 4500 тенге, для сторонних организаций – 5500 тенге):

**Реквизиты:**

РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК  
Столичный филиал АО «Цеснабанка»

КБЕ 16

БИН 010140003594

БИК TSES KZ KA

Счет в кодировке IBAN –

KZ 91998 BTV 0000003104

*«За публикацию ФИО автора»*

**Редактор: Дихан Қамзабекұлы**  
Шығарушы редактор: І.Р. Құрманғалиев  
Дизайн: І.Р. Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің**  
**ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы.**  
- 2018. - 3 (124). - Астана: ЕҰУ. 210-б.  
Шартты б.т. - 26,2   Таралымы - 35 дана

Мәтін мазмұнына типография жауап бермейді.

Редакция мекенжайы: 010008, Қазақстан Республикасы,  
Астана қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, 2.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Тел.: (87172) 709-500 (ішкі 31-413)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
баспасында басылды